

МЕКТЕПТЕР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖАҢА 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ 131,5 МЫҢНАН АСАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ 12,8 МЫҢ. ОБЛЫС КОЛЛЕДЖДЕРІНЕ 4,5 МЫҢ СТУДЕНТ ҚАБЫЛДАУ ЖОСПАРЛАНУДА. ӨҢІРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА ТОЛЫҚ ДАЙЫН, - ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылуда. Облыстағы барлық білім беру ұйымдарында орнатылған 19 200-ге жуық цифрлық бейнекамера Жедел басқару орталығына қосылған. Сонымен қатар «Дабыл түймелері» орнатылып, жергілікті полиция басқармаларының кезекші бөлімдеріне толықтай қосылған. 209 білім беру ұйымы 352 штат бірлікте арнайы мамандандырылған күзетпен қамтамасыз етілді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 228 білім беру мекемесінің жанына жасанды жол кедергілері, 132 мектептің маңына балалар макеттері және 259 мектептің аумағына жылдамдықты шектеу белгілері орнатылды.

– Биыл жаңа оқулықтарды сатып алу, қосымша оқулықтар мен көркем әдебиетті толықтыру мақсатында 14 баспамен 85 келісімшарт жасалды. Жергілікті бюджет есебінен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуға 1,7 млрд. теңге,

материалдық-техникалық базаны жаңартуға 2,5 млрд. теңге бөлінді. Облыста барлық 314 мектеп интернет желісіне толық қосылған. Жалпы білім беру қорынан 25 704



әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының балаларына мектеп формасы мен кеңсе тауарларын алуға жергілікті бюджет есебінен, ата-аналардың жеке есеп шоттарына толығымен аударылды. Биыл тегін ыстық тамақпен қамтуға жергілікті бюджеттен 6,9 млрд. теңге бөлінді, - деді

облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов.

Облыста 84 елді мекеннен 1 816 оқушы тасымалданады. Қазан айында жергілікті бюджет есебінен 10 микроавтобус сатып алынады.

Атап өтсек, өңірде апаттық және үш ауысымдық мектеп жоқ. Биыл 5 жаңа білім беру нысанының құрылысы Арнайы мемлекеттік қордан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау



Өңірде студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі толық шешілген. 21 мемлекеттік колледждің және І. Жансүгіров атындағы университеттің жатақханала-

рында 5 391 орын бар. Барлық жатақханалар бейнебақылау, дабыл түймелері, өрт қауіпсіздігі жүйелерімен және мамандандырылған күзетпен толық қамтамасыз етілген.



Фотограф: Дмитрий Ерофеев, Жұмабай Мұсабеков

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы

6 айға – 2 106 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға

6 айға – 3 275,48 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға

6 айға – 4 462,64 теңге.

Цена подписки:

через редакцию

на 6 месяцев – 2 106 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц

на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц

на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.

Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534

